

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің
«Медицина докторы» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау қағидалары
мен рәсімдері**

Санаты: Қағидалар

Бекітілетін күні: 17.06.2022

Күшіне енген күні: 17.06.2022

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

ІНҚ сыныптауышы: 2.1 ADMS

Бекітуші орган: Провост

Тіркеу нөмірі: 79-н/қ

Иесі: Медицина мектебі

Редакция күні: 12.02.2024

Қолданылуы: НУ және НУ талапкерлері

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: «Медицина докторы» бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау
қағидалары

Күні: 25.02.2019

Тіркеу нөмірі: # 14-н/қ

Бекітуші орган: Провост



1-бөлім. Мақсаты және қолданылуы

1.1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Медицина мектебінің «Медицина докторы» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бойынша оқуға қабылдау қағидалары мен рәсімдері (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер) қабылдау процесі кезінде басқару және сақтау қағидалары мен рәсімдерін айқындайды.

1.2. Осы Қағидалар мен рәсімдер Назарбаев Университетінің Медицина мектебіне қолданылады.

2-бөлім. Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен қысқартулар мыналар болып табылады:

1) **Қабылдау комиссиясы** – Бағдарламаға қабылдау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін құрылған Университеттің консультативтік-кеңесші органы;

2) **Студенттерді оқуға қабылдау департаменті** – Университеттің университет алдындағы дайындық (Foundation), бакалавриат және магистратура бағдарламаларына түсуді жеңілдетуге арналған Университет бөлімшесі;

3) **CGPA (Жиынтық орташа балл)** – Университетте өткен курстар үшін алынған, бағаланған кредиттердің жалпы санына жиналған балдардың жалпы жиынтық санын бөлу арқылы есептеледі;

4) **Шартты түрде қабылдау/оқуға алу** – қабылдау кезеңінде Бағдарламаның Қабылдау комиссиясының шешімімен және оқуға алу кезеңінде Университет Провостының немесе ол тағайындаған адамның шешімімен ресми көрсетілген мерзімде немесе мерзімдерде Бағдарламаға үміткерлерді қабылдау/оқуға алу түрі;

5) **ETS (Educational Testing Service)** – тестілеу және бағалау жөніндегі жеке коммерциялық емес білім беру ұйымы; TOEFL-ді қоса алғанда, халықаралық тестілерге әкімшілік етеді;

6) **Сыртқы сарапшы** – үміткерлерге шолулар мен бағалау жүргізу кезінде, сондай-ақ сапа кепілдігін қамтамасыз ету үшін сыртқы оқырмандар немесе бағалаушылар ретінде тартылған Университеттің басқа мектебінің немесе тиісті ресурстарға (зияткерлік, ғылыми, әдістемелік, білім беру, технологиялық, техникалық, кадрлық) ие және өз қызметін ғылыми-зерттеу, заманауи әдістемелер мен білім беру технологиялары, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру және т.б. сияқты салалардың бірінде немесе бірнешеуінде жүзеге асыратын халықаралық танылған университеттің және/немесе ғылыми-зерттеу институтының өкілі;

7) **IELTS (international English Language Testing System, академиялық нұсқа)** – Британдық кеңес, «IDP Education» және «Cambridge English Language Assessment» бірлесіп әкімшілендіретін ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;



8) **МСАТ** (Medical College Admission Test) – емтихан тапсырушының проблемаларды шешуге және сыни ойлауға қабілеттілігін, сондай-ақ медицинаны зерделеу үшін қажетті ғылыми тұжырымдамалар мен қағидағтарды білуін бағалайтын, жауап нұсқалары бар стандартталған емтихан;

9) **Жеке кабинет** – тіркелгеннен кейін Университет сайтында жеке кеңістік ұсынатын онлайн-сервис (www.admissions.nu.edu.kz);

10) **Бағдарлама** – осы Қағидалар мен рәсімдер қолданылатын «Медицина докторы» бағдарламасы;

11) **Үлгерім жөніндегі комиссия** – Медицина ғылымдары саласындағы бакалавр бағдарламасының 3-курс студенттерін «Медицина докторы» бағдарламасының 1-курсына ауыстыру туралы мәселені қарастыратын Мектеп комитеті;

12) **Стратегиялық әріптес** – Университеттің уәкілетті органы бекіткен, тиісті ресурстарға (зияткерлік, ғылыми, әдістемелік, білім беру, технологиялық, техникалық, кадрлық) ие және өз қызметін ғылыми-зерттеу, заманауи әдістеме және білім беру технологиялары, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу және т.б. салалардың бірінде немесе бірнешеуінде жүзеге асыратын ұйым немесе тиісті Келісімге сәйкес білім беру және/немесе зерттеу қызметтерін ұсынуда Университетке, оның Мектептеріне және/немесе еншілес компанияларына қатысты негізгі немесе көмекші консультативтік рөлді орындау үшін әріптес мекеме ретіндегі Университеттің басқа құзыретті органы;

13) **Мектеп** – Бағдарлама ұсынылатын Университеттің Медицина мектебі;

14) **TOEFL** (Test of English as a Foreign Language) – Білім беруді тестілеу қызметі (АҚШ) әзірлеген ағылшын тілін білу деңгейін анықтауға арналған стандартталған тест;

15) **Университет** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы.

2.2. Осы Қағидалар мен рәсімдерде пайдаланылмайтын терминдер мен анықтамалар Университеттің ішкі құжаттарында анықталады.

2.3. Бағдарламаға қатысуға өтінім берген барлық студенттерді қабылдау процесі кезінде Мектеп осы Қағидалар мен рәсімдерді ұстануға тиіс.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. Қабылдауға қойылатын талаптар

3.1.1. Бағдарламаға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.1.2. Бағдарламаға қабылдаудың іріктеу процесіне қатысуға құқығы болу үшін барлық үміткерлер Университеттің Академиялық кеңесі бекіткеннен және Университеттің Басқарушы кеңесі мақұлдағаннан кейін Университет Провостының немесе ол тағайындаған адамның шешімімен ресімделетін осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

3.1.3. Бағдарламаға қатысуға өтінім берген үміткерлерде мыналар болуы тиіс деп күтілуде:



1) Қабылдау комиссиясы анықтайтын тиісті пән бойынша бакалавр дәрежесі (бакалавр дәрежесі немесе баламасы) және/ немесе магистр дәрежесі (егер қолданылса). Өтінімдерді беру кезеңі ішінде соңғы курс студенттері ағымдағы ресми транскрипттерді қарауға ұсына алады. Оқуға түсуге ұсынылған үміткерлер соңғы транскрипт пен дипломды Бағдарламаға қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін ұсынуы тиіс;

2) жаратылыстану ғылымдары пәндерінің кемінде екі аяқталған курсы, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, зертханалық сабақтары бар биологияның бір жылы немесе баламасы және зертханалық сабақтары бар жалпы химияның бір жылы немесе баламасы;

3) ең төменгі CGPA 4,00-ден 3,00 немесе үміткер дәрежесінің баламасы (бакалавр, магистр немесе ғылым докторы (егер магистрлер мен ғылым докторлары GPA жүйесін ұстанса);

4) осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.7-тармағында көрсетілген ағылшын тілін меңгерудің талап етілетін деңгейі;

5) әңгімелесуге шақыру үшін талап етілетін MCAT-тың ең төменгі жалпы балы 489 (472-528 шкаласы бойынша);

6) уәждеме хатта жазылған Бағдарламаға үлкен қызығушылығы және жоғары деңгейдегі ынтасы;

7) үміткердің Мектеп қоғамдастығын өркендетуі туралы эссе.

3.1.4. Мектептің Мейірбикелік іс саласындағы ғылым бакалавры бағдарламасын бітірген барлық үміткерлерде мыналар болады деп күтілуде:

1) бакалавр дәрежесі. Өтінім беру кезеңі ішінде соңғы оқу жылының студенттері қарау үшін ресми ағымдағы транскрипттерді ұсына алады;

2) жалпы химия курсының аяқталған бір жылы;

3) ең төменгі CGPA 4,00-ден 3,45 немесе үміткердің дәрежесіне баламаны құрайды;

4) уәждеме хатта жазылған Бағдарламаға үлкен қызығушылығы және жоғары деңгейдегі ынтасы;

5) үміткердің Мектеп қоғамдастығын өркендетуі туралы эссе;

6) Мейірбикелік іс саласындағы ғылым бакалавры бағдарламасының директорынан бір ұсыным хат және Мектептің ОПК-дан бір ұсыным хат.

3.1.5. Мектептің Медицина ғылымдары саласындағы бакалавры бағдарламасының 3-курсын бітірген барлық үміткерлерде мыналар болады деп күтілуде:

1) Мектептің Үлгерім жөніндегі комиссиясы бағалағаннан және іріктегеннен кейін Бағдарламаның 1-курсына қабылдау үшін қаралады. Үлгерім жөніндегі комиссия бағалау критерийлерін әзірлеп, бекітеді және Университет Провостының шешімімен ресімделген оқуға қабылдау үшін үміткерлерді ұсынады;

2) ең төменгі CGPA 4,00-ден 3,00 болуы керек;

3) уәждеме хатта жазылған Бағдарламаға үлкен қызығушылығы және жоғары деңгейдегі ынтасы;



4) үміткердің Мектеп қоғамдастығын өркендетуі туралы эссе.

3.1.6. Академиялық және эмпириялық тәжірибенің өзектілігі, сондай-ақ бұрынғы дәрежелердің баламалылығы мен сәйкестігін Қабылдау комиссиясы анықтайды.

3.1.7. Бағдарламаға түсу үшін ағылшын тілін білуге арналған тестілеу туралы есептерге қойылатын абсолюттік ең төменгі талап мыналар болып табылады:

1) IELTS тестінің жалпы балы 7,0 немесе одан жоғары (әрбір бөлімде кемінде 6,0) немесе ETS веб-сайтында орналастырылған TOEFL-дің баламалы балы;

2) Бағдарламаға қатысуға үміткерлер Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша, егер:

олардың алғашқы академиялық дәрежелерінің бірі ағылшын тілі ресми қарым-қатынас, академиялық оқыту және күнделікті өмірде қолданылатын тіл болып табылатын елде алынса;

бакалавр немесе магистр дәрежесі ресми түрде ағылшын тілінде оқытылатын бағдарлама бойынша алынса;

үміткер Назарбаев Университетінің түлегі болып табылса, тілді білуге арналған тестілеу туралы есептерді ұсынудан босатылуы мүмкін.

3.1.8. Тест сертификаттары, егер олардың нәтижелерінің жарамдылық мерзімі үміткерлер өтініш берген күнге дейін аяқталмаса, жарамды деп саналады.

3.2. Оқуға түсуге өтінім беру процесі

3.2.1. Бағдарламаға қатысуға өтінім беретін үміткерлер көрсетілген мерзімде Жеке кабинетте мыналарды орындауы тиіс:

1) дербес деректерді өңдеуге келісімді қабылдауға, онлайн-сауалнаманы толтыруы және жүктеуі;

2) Жеке кабинетте осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада көрсетілген қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелерін орналастыруы тиіс. Бағдарлама талап ететін, стандартталған сынақ хаттамалары электрондық нұсқасы арқылы Тестілеу әкімшісінен Университетке тікелей сынақ сертификаттарының сканерленген көшірмелерін беру міндеттемесімен ұсынылуы тиіс;

3) Егер Университеттің Басқарушы кеңесі одан босатпаса, қайтарылмайтын тіркеу жарнасын төлеуі тиіс. Тіркеу жарнасының мөлшерін Университеттің Басқарушы кеңесі бекітеді;

4) Тестілеу әкімшісі жүйесінде IELTS немесе TOEFL сертификатының жарамды балдарының нәтижелерін тексеруі және оның сканерленген көшірмесін жіберуі тиіс.

3.2.2. Қабылдау комиссиясы және/немесе Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қажет болғанда қосымша құжаттарды сұратуы мүмкін.

Осы Қағидалар мен рәсімдерде талап етілетін және қабылдау кезеңі ішінде үміткердің Жеке кабинетіне ұсынылған оқуға қабылданған



студенттердің құжаттары Регистратор офисінде электрондық форматта қолжетімді болады және студенттің жеке ісін қалыптастыру үшін пайдаланылады.

3.2.3. Бағдарламаға түсуге байланысты барлық мерзімдерді Мектептің Деканы немесе ол тағайындаған тұлға Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен консультациядан кейін белгілейді және Университеттің веб-сайтында жариялайды.

3.2.4. Барлық ұсынылған құжаттар ағылшын тілінде немесе нотариалды куәландырылған ағылшын тіліндегі аудармасымен бірге болуы тиіс.

3.2.5. Жалған және/немесе толық емес ақпарат беру қабылдау немесе тіркеу процесінен шығаруға әкеледі.

3.2.6. Үміткерлер бір оқу жылы ішінде Университет ұсынатын екі бағдарламаға ғана өтініш бере алады. Екі бағдарламаға түскен жағдайда үміткер тек бір бағдарламаны таңдауы тиіс.

3.2.7. Қабылдау туралы шешім шағымдануға жатпайды.

3.2.8. Оқуға түсуге ұсынылған үміткерлер осы Қағидалар мен рәсімдерге қосымшада көрсетілген құжаттардың сканерленген көшірмелерін Студенттерді оқуға қабылдау департаментінің сұрауына сәйкес ұсынуы тиіс.

Шетелдік оқу орындарында білім туралы дипломдар/сертификаттар алған үміткерлер өздерінің ресми транскрипттерін тікелей Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне жіберуді сұрауы тиіс. Шетелдік оқу орны мұндай қызметті ұсынбаған ерекше жағдайларда транскриптің баспа көшірмесін шетелдік оқу орны корпоративтік электрондық пошта арқылы растағаннан кейін үміткер тікелей Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне жіберуі мүмкін немесе транскриптің электрондық түпнұсқа көшірмесін цифрлық есепке алу деректері қызметтері ұсынуы мүмкін.

Үміткерлер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі берген дипломды нострификациялау туралы куәлікті немесе шетелдік оқу орнының апостиль қойылған құжатын ұсынғанда ресми транскрипті тікелей Университеттің Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне жіберу міндетті болып табылмайды.

3.2.9. Өтінімдердің толық пакетін ұсыну Бағдарламаға қатысуға кепілдік бермейді.

3.3. Қабылдау комиссиясы

3.3.1. Қабылдау комиссиясы өтінімдерді қарауға, үміткерлерді бағалауға және қабылдау туралы шешімдерге қатысты ұсынымдар беруге уәкілетті.

3.3.2. Қабылдау комиссиясының мүшелері қабылдау рәсімдерінің осы Қағидалар мен рәсімдерге сәйкес келуін қамтамасыз етуге жауапты болады.

3.3.3. Бағдарлама бойынша Қабылдау комиссиясы Мектептің оқытушы-профессорлар құрамының мүшелерінен және кем дегенде бір сыртқы сарапшыдан немесе стратегиялық әріптестің өкілінен тұруы тиіс.

3.3.4. Қабылдау комиссиясының шешуші дауыс беру құқығы бар мүшелерінің жалпы саны тақ болуға, бірақ сыртқы сарапшы немесе



стратегиялық әріптестің өкілі ретіндегі кемінде 1 (бір) мүшені қоса алғанда, кемінде 5 (бес) мүше болуға тиіс.

3.3.5. Қабылдау комиссиясының қызметін Қабылдау комиссиясының Төрағасы (бұдан әрі – Төраға) басқарады. Төрағаны қоса алғанда, Қабылдау комиссиясының құрамы Университет Провостының немесе ол тағайындаған адамның шешімімен бекітіледі.

3.3.6. Қабылдау комиссиясының тең төрағалары болуы мүмкін. Шешуші дауыс беру құқығы бар мүшелерге қосымша Қабылдау комиссиясының құрамына дауыс беру құқығы жоқ өкілдер кіруі мүмкін.

3.3.7. Қабылдау комиссиясының хатшысы Университет Провостының немесе ол тағайындаған тұлғаның шешімімен Мектеп Деканының немесе ол тағайындаған тұлғаның ұсынымдары негізінде тағайындалады. Хатшы Кеңестің дауыс беру құқығы жоқ мүшесі болып табылады. Қабылдау комиссиясының хатшысы болмаған жағдайда Қабылдау комиссиясының Төрағасы немесе ол тағайындаған адам Мектеп Деканының келісімі бойынша Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасында осындай ауыстыруды көрсете отырып, алмастырушы хатшыны тағайындайды.

3.3.8. Қабылдау комиссиясы хатшысының міндеттеріне мыналар кіреді:

1) Қабылдау комиссиясының жұмысын үйлестіру және Қабылдау комиссиясының отырыстарын ұйымдастыру;

2) негізгі тізімге енгізілген үміткерлерді әңгімелесуге шақыру;

3) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларын ресімдеу;

4) Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары тілдерінің түпнұсқалығын қамтамасыз ету;

5) үміткерлердің құжаттарын бағалауды және әңгімелесуден өту қорытындылары бойынша үміткерлердің алған бағалау нәтижелерін жинау және өңдеу (егер ондай қолданылса);

6) студенттерді қабылдау мәселелері бойынша Студенттерді оқуға қабылдау департаментімен тығыз ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау;

7) тіркеу және Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне беру үшін Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамаларын ұсыну;

8) Қабылдау комиссиясы мен Төрағаның тапсырмаларына сәйкес өзге де функцияларды орындау.

3.3.9. Бағдарламаға түсетін әрбір үміткерді Қабылдау комиссиясының мүшелері жеке, бейтарап, жан-жақты және бірыңғай тәсілді қолдана отырып бағалауы тиіс. Ол үшін Қабылдау комиссиясы өмірлік тәжірибесі, жеке қасиеттері, академиялық жетістіктері мен мансаптық мақсаттары Мектептің талаптарына сәйкес келетін және Мектепке өз үлесін қоса алатын және сонымен бірге Мектепте оқу процесінен пайда табатын үміткерлерді анықтау үшін ең тиімді бағалау әдістемесін/процесін/критерийлерін әзірлеп, қабылдауы тиіс.

Бағалау әдістемесі/процесі/критерийлері әңгімелесу және іріктеу кезінде әділ қолданылып, тиісті оқу жылына Қабылдау комиссиясының бірінші отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.



3.4. Қабылдау комиссиясының отырыстары

3.4.1. Қабылдау комиссиясының отырыстары қажеттілігіне қарай Қабылдау комиссиясының дауыс беретін мүшелерінің қарапайым көпшілігін білдіретін кворумды сақтай отырып, іріктеу процесі кезеңінде өткізіледі.

3.4.2. Қабылдау комиссиясы бейне - немесе аудиоконференциялар немесе коммуникацияның басқа да интерактивті тәсілдері арқылы дауыс беруді өткізіп, отырыста шешім қабылдай алады. Мұндай қатысу кворумды анықтау кезінде ескерілуі тиіс. Қабылдау комиссиясының шешуші дауыс беру құқығы бар мүшесінің интерактивтік қатысу құралдары отырыстың хаттамасында көрсетілуі тиіс.

3.4.3. Қабылдау комиссиясының шешімдері дауыс беруге қатысатындардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және кворумды айқындау кезінде ескеріледі. Дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс Төрағаға тиесілі болады. Қабылдау комиссиясында тең төрағалар болған жағдайларда дауыстарды тең бөлу тең төрағалардың шешімімен айқындалады.

3.4.4. Қабылдау комиссиясының шешімдері түпкілікті болып табылады және Университет отырысының хаттамасын жасауға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес Қабылдау комиссиясының хатшысы отырыстың (отырыстардың) хаттамасына енгізеді. Отырыстың (отырыстардың) хаттамасында барлық ұсынылған үміткерлердің, күту тізіміне енгізілген үміткерлердің, қабылдау кейінге қалдырылған үміткерлердің, сондай-ақ шақыру хатын алған және үміткерлердің тізімін өз еркімен немесе еріксіз қабылдамаған үміткерлердің рейтингі болуға тиіс. Қабылдау комиссиясы отырыстарының жұмыс тілі ағылшын тілі болып табылады. Хаттамаға ағылшын және қазақ тілдерінде Қабылдау комиссиясының Төрағасы (немесе тең төрағалары) мен хатшысы немесе олар тағайындаған адам (адамдар) қол қоюға тиіс.

3.4.5. Қабылдау комиссиясы отырыстарының хаттамалары құпия болып табылады және қызметтік міндеттері шеңберінде Университет қызметкерлерін қоспағанда, үшінші тұлғаларға таратуға жатпайды.

3.4.6. Қабылдау комиссиясының барлық хаттамалары тиісінше тігілген, нөмірленген, сканерленген және Қабылдау комиссиясының хатшысымен бекітілген, тіркелген болуы және Университеттің архивіне тапсырылғанға дейін олардың сақталуына жауап беретін Студенттерді оқуға қабылдау департаментінде сақталуы тиіс.

3.5. Қабылдау шарттары мен тәртібі

3.5.1. Бағдарламаға қабылдау процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1) Бірінші кезең – Студенттерді оқуға қабылдау департаменті өтінімдер пакетін тексереді және Бағдарламамен талап етілетін біліктілік дәлелдердің бар-жоғын тексереді. Студенттерді оқуға қабылдау департаменті үміткерлер іріктеу



процесінің екінші кезеңіне өтпес бұрын барлық қажетті құжаттардың алынуын қамтамасыз етеді;

2) Екінші кезең – Қабылдау комиссиясының мүшелері Қабылдау комиссиясы әзірлеген әдістемеге сәйкес қабылдау талаптарына сәйкес келетін өтініштердің толық пакеттерін қарап, қысқаша тізімін жасайды. Негізгі тізімге енгізілген барлық үміткерлер Қабылдау комиссиясының мүшелерімен жеке немесе бейнеконференция арқылы сұхбаттасудан өтеді. Тағайындалған интервьюерлердің саны бір сұхбат беретін үміткерге 2 адамнан кем болмауы тиіс;

3) Үшінші кезең – Қабылдау комиссиясы қабылдау пакетін және әңгімелесу нәтижелерін қарау негізінде оқуға түсетін финалшыларды айқындайды және табысты үміткерлерді Бағдарламаға тікелей немесе шартты негізде қабылдау үшін ұсынады.

Қабылдау комиссиясы өз қалауы бойынша қабылдау процесіне қосымша талаптарды қоса алады.

3.5.2. Толық емес өтінімдер екінші немесе үшінші кезеңге тек Қабылдау комиссиясының сұрауы бойынша өтеді, олай болмаған жағдайда Студенттерді оқуға қабылдау департаменті оларды қабылдамайды.

Тіркеу тек толтырылған өтінімдер бойынша жүргізілуі мүмкін. Тіркеуден өтпеген өтінімдер қабылданбайды.

3.5.3. Осы Қағидалар мен рәсімдердің 3.1.4. және 3.1.5-тармақтарында көрсетілгендерді қоспағанда, үміткерлер МСАТ тестілеу орталығына бару шектеулі болған кезде төтенше жағдай кезінде шартты түрде қабылдау үшін қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда үміткерлер МСАТ-ты қоспағанда, олардың өтінімдер пакеттерінің негізінде қарастырылуы тиіс.

3.5.4. Егер үміткер МСАТ-ты қоспағанда, барлық қабылдау талаптарын орындаған болса, оған шартты қабылдау ұсынылуы мүмкін. МСАТ қабылданған сәттен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде тапсырылуы тиіс және үміткер кемінде 489 балл жинауы керек. Мектеп үміткердің талаптарды шартты түрде орындауына кепілдік береді. Егер үміткер талаптарға сәйкес келмесе, Мектеп оны оқудан шығаруға ұсыну немесе Университет Провостының шешімі бойынша шартты қабылдау мерзімін он екі айдан аспайтын мерзімге ұзарту құқығын өзіне қалдырады. Егер үміткер талаптарға сәйкес келсе, Мектеп Студенттерді оқуға қабылдау департаментіне қызметтік жазбаны және үміткердің МСАТ нәтижесін жібере отырып, үміткердің мәртебесін шартты түрден шартсыз түрге өзгертуді ұсынады. Мектеп Қабылдау комиссиясының ұсынымы бойынша МСАТ талабынан бас тарту/жою құқығын өзіне қалдырады. Мұндай жағдайларда Мектеп қызметтік жазбаны жібере отырып, үміткердің мәртебесін шартты түрден шартсыз түрге өзгертуді ұсынады.

3.5.5. Университеттің студенттері тиісті бағдарлама бойынша оқудың соңғы семестрінде ерекше жағдайларда дипломсыз және/немесе ресми транскриптсіз және Бағдарламаның Академиялық күнтізбесіне сәйкес бірінші күзгі семестр аяқталғанға дейін соңғы транскрипт пен дипломды ұсыну шартымен Бағдарламаға шартты түрде қабылдау үшін қаралуы мүмкін. Осы



шартқа сай келмейтін, бұл тармаққа сәйкес қабылданған студенттер бағдарламадан шығарылады.

3.5.6. Қабылдау комиссиясы шешім қабылдаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Студенттерді оқуға қабылдау департаменті қабылдауға ұсынылған үміткерлер мен қабылданбаған үміткерлерді хабардар етуі тиіс. Хабарламалар электрондық байланыс арқылы таратылады.

3.5.7. Барлық түсу талаптарына сай келетін, бірақ Бағдарламаға бөлінген орындар саны шектеулі болғандықтан, оқуға қабылдауға ұсынылғандардың қатарына кірмеген үміткерлерді Қабылдау комиссиясы күту парағына енгізеді. Күту парағына кірген үміткерлер Қабылдау комиссиясы айқындаған рейтинг тәртібімен орналастырылады. Егер Бағдарламадағы орын қабылдау жылының академиялық күнтізбесіне сәйкес сабақтардың бірінші күніне дейін қолжетімді болса, ол үміткерлерге қабылдау туралы хабарлау арқылы күту тізіміндегі кезектілік тәртібімен ұсынылатын болады. Күту тізіміндегі үміткерлер Назарбаев Университетінің білім беру грантынан басқа демеушілік стипендияға немесе ақылы негізде (егер қолданылса) оқу үшін қосымша іріктеуге қатыса алады.

3.5.8. Университеттен шақыру хатын алғаннан кейін үміткерлер шақыру хатын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде немесе шақыру хатында көрсетілген мерзім ішінде өзінің келісетіні немесе оқудан бас тартатыны туралы Университетті жазбаша нысанда хабардар етуге тиіс.

3.5.9. Оқуға қабылдауға ұсынылған үміткер шақыруды қабылдамаған немесе көрсетілген мерзім ішінде жауап бермеген жағдайда, шақыру хаты рейтинг бойынша күту парағындағы бірінші үміткерге жіберіледі.

3.5.10. Бағдарламаға қабылдау Қабылдау комиссиясының ұсынымдары және үміткерлерден Бағдарламаға қабылдау туралы жазбаша хабарлама негізінде Университет Провостының немесе ол тағайындаған адамның қабылдау туралы шешімімен ресімделеді.

3.5.11. Оқуға қабылдау туралы шешімде әрбір қабылданған студенттің оқуын қаржыландыру көзі көрсетілуі тиіс.

Қаржыландыру көздері мыналар болуы мүмкін:

- 1) мемлекеттік білім беру тапсырысы;
- 2) белгілі бір стипендия және/немесе демеушілік қолдау;
- 3) өз қаражаты – оқу ақысын өзі немесе жұмыс берушінің есебінен төлейтін үміткерлер үшін.

3.5.12. Бұрын мемлекеттік қаражат есебінен «Медицина докторы» және/немесе резидентура дәрежесін алған үміткерлер мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде «Медицина докторы» бағдарламасына қайта қабылдана алмайды.

3.5.13. Оқуға қабылданған студенттердің жалпы саны Бағдарламаға бөлінген орындар санынан аспауы тиіс.

3.5.14. Қабылдау комиссиясы Мектеп Деканының немесе оны алмастыратын тұлғаның келісімімен үміткерге 1 (бір) академиялық жыл мерзімге оқуды кейінге қалдыруы мүмкін. Кейінге қалдырылған қабылдау



шартты мерзімге қабылданған үміткерлерге берілмейді. Қабылдау мерзімі кейінге қалдырылған үміткерлерге гранттар немесе кез келген қаржылық қолдау ұсыну үміткерлерді жаңадан қабылдауды қарау шеңберінде конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Қабылдау мерзімі кейінге қалдырылған үміткер өткен жылдың өтініші негізінде келесі жылы Бағдарламаға түсу үшін қаралатын болады, бірақ тапқан қаржыландыруды (егер мұндай болса) сақтамайды.

3.5.15. Осы Қағидалар мен рәсімдерде көзделмеген мәселелерді Қабылдау комиссиясы дербес шешуі тиіс.

3.5.16. Үміткерлер ұсынған Бағдарламаға түсуге қатысты барлық құжаттар мен өзге де материалдар Университеттің меншігіне айналады және Университетте құпиялылыққа қатысты қабылданған қағидалар мен рәсімдерді қорғаудың мәні болып табылады.

3.5.17. Үміткерлерді іріктеу процесіне байланысты кез келген ақпарат құпия болып табылады.

4-бөлім. Босату

4.1. Университеттің Провосты осы Қағидалар мен рәсімдердің белгілі бір ережесінен бас тартуға құқылы.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер олар бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде жыл сайын қайта қаралуы және қажет болған жағдайда өзгерістер енгізілуі тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. Қолданылмайды.



«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымы
Медицина мектебінің
«Медицина докторы»
бағдарламасы бойынша оқуға
қабылдау қағидалары мен
рәсімдеріне
қосымша

«Медицина докторы» бағдарламасына арналған құжаттардың тізімі

1. Толтырылған өтінім нысаны;
2. Ұлттық жеке куәліктің немесе паспорттың сканерленген көшірмесі;
3. Атының өзгергенін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған нұсқасының сканерленген көшірмесі (егер қолданылса);
4. Транскрипттері бар ресми дипломдардың/сертификаттардың сканерленген көшірмесі. Қазақстандық оқу орындарынан алынған транскрипттері бар дипломдар/сертификаттар нотариалды куәландырылуы тиіс. Шетелдік оқу орындарында білім туралы дипломдар/сертификаттар алған үміткерлер 3.2.8-тармаққа қосымша сілтеме жасайды;
5. Тестілеу әкімшісі жүйесінен жүктелген IELTS немесе TOEFL (Home Edition-нан басқа) академиялық тестінің жарамды сертификатының нәтижелері туралы расталған есеп және оның сканерленген көшірмесі. Жеке кабинетте ұсынылған IELTS/TOEFL соңғы сертификаты қабылдау конкурсында ескеріледі. Онлайн-құжаттарды тапсыру күніне жарамды IELTS немесе TOEFL сертификаты (2 жылдан артық емес). Үміткер тестке тіркелу кезінде Назарбаев Университетін алушы ретінде көрсетуі тиіс. Егер үміткер тестті бұрын тапсырған болса, ол тестілеу орталығына хабарласып, Университетті алушы ретінде көрсете алады;
6. Бағдарламаға құжаттарды онлайн тапсыру сәтінде жарамды MCAT нәтижесі. Нәтижені жарамды деп есептеу үшін MCAT-тың ұсынылған нәтижелері өтініш бергенге дейін үш жылдан аспайтын уақыт ішінде өткізілген тестке сәйкес келуі тиіс;
7. Соңғы 12 ай ішінде жазылған екі - төрт ұсыным хат (электронды немесе қағаз түрінде ұсыным берген адамдар ұсынады);
8. Уәждеме хаттың сканерленген көшірмесі (500 сөз немесе одан аз);
9. Эссенің сканерленген көшірмесі (500 сөзден астам емес);
10. 075у медициналық анықтаманың сканерленген көшірмесі (қазақстандық үміткерлер үшін) немесе жалпы денсаулық жағдайы көрсетілген ұқсас медициналық анықтама немесе Университеттің сұрауы бойынша басқа құжат (шетелдік үміткерлер үшін);
11. Сотталуының болғанын немесе болмағанын растайтын құжаттың сканерленген көшірмесі.

